

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 4 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 24 өкімі

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Тауарларды навигациялық пломбаларды пайдалана отырып транзиттік тасымалдауды қадағалау жүйесі негізінде Еуразиялық экономикалық одақта тауралардың кедендік транзитінің бірыңғай жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралардың ("жол картасы") жоспары туралы" 2020 жылғы 21 ақпандағы № 4 өкіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Автомобильмен транзиттік тасымалдар мониторингі бойынша эксперименттің нәтижелері туралы" 2019 жылғы 28 мамырдағы № 19 өкімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 19 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 21 ақпандағы № 5 өкімі.

3. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан
М.Григорян И.Петришенко А.Смаилов А.Новиков А.Оверчук*

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы 30 қазандағы
№ 24 өкіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 4 өкіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 1-тармақтың атауындағы "транзиттік" деген сөз алып тасталсын.

2. Көрсетілген өкіммен бекітілген Тауарларды навигациялық пломбаларды пайдалана отырып транзиттік тасымалдауды қадағалау жүйесі негізінде Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың кедендік транзитінің бірыңғай жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралардың ("жол картасы") жоспарында:

- а) атауындағы "транзиттік" деген сөз алып тасталсын;
- б) 1-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

<p>1. Еуразиялық экономикалық одақта (бұдан әрі - Одақ) тауарлардың бірыңғай кедендік транзиті жүйесі туралы келісім жобасын әзірлеу, онда мына мәселелерді қамту:</p> <p>а) кедендік транзиттің кедендік рәсімін, соның ішінде бірыңғай кепілдік механизмдерін және тауарлардың (техникалық (технологиялық) құралдардың) жеткізілуін бақылауды қамтамасыз ететін өзге де шараларды қолдану ерекшеліктері (электрондық навигациялық пломбалар) (бұдан әрі – навигациялық пломбалар)</p>	<p>Келісімнің жобасын әзірлеу</p> <p>Келісім жобасын мемлекетішілік келісуді жүргізу</p>	<p>Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия), Одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі - мүше мемлекеттер)</p>	<p>2021 жылғы I – II тоқсандар</p> <p>2021 жылғы III тоқсан</p>
<p>б) тауарлардың Одақта кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі аясында халықаралық интеграциялық бірлестіктермен және Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттермен өзара іс-қимылы мүмкіндігін анықтау</p>	<p>Келісімге қол үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу</p>		<p>2021 жылғы IV тоқсан</p>
<p>2. Мүше мемлекеттерде навигациялық пломбаларды пайдалана отырып тауарлар тасымалын қадағалау жүйесінің (бұдан әрі – қадағалау жүйесі) ұлттық операторларын айқындау</p>	<p>мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>	<p>2021 жылғы I тоқсан</p>
<p>3. Одақта тауарлар тасымалын қадағалау үшін навигациялық пломбаларды қолдану мәселелері жөнінде Одақ</p>	<p>халықаралық шарттың жобасын әзірлеу</p> <p>халықаралық шарттың жобасын мемлекетішілік келісуді жүргізу</p> <p>халықаралық шартқа қол қою және оны күшіне</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2020 жылғы III тоқсан</p> <p>2020 жылғы IV тоқсан</p>

шенберінде халықаралық шарттың жобасын әзірлеу	енгізу үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді жүргізу	2021 жылғы II тоқсан
--	--	----------------------

в) 4-тармақтағы "2020 жылғы II тоқсан" деген сөздер "2020 жылғы IY тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) 5-тармақтағы "2019 жылғы IY тоқсан" деген сөздер "2020 жылғы II тоқсан (Қырғыз Республикасы үшін – 2019 жылғы IY тоқсан- 2020 жылғы III тоқсан)" деген сөздер "2021 жылғы II тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) 6-тармақтағы "2020 жылғы I тоқсан" деген сөздер "2020 жылғы IY" тоқсан деген сөздермен ауыстырылсын;

е) 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Еуразиялық экономикалық одақтың 2017 жылғы 11 сәуірдегі Кеден кодексі туралы шартына осы жоспардың 1 және 3-тармақтарында көрсетілген халықаралық шарттардың ережелерін ескере отырып, кедендік транзиттің кедендік рәсімдерін және навигациялық пломбаларды қолдану мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы хаттама жобасын әзірлеу	Хаттаманың жобасын әзірлеу	Комиссия, мүше мемлекеттер	2021 жылғы I – II тоқсандар
9. Комиссияның осы жоспардың 3-тармағында көрсетілген халықаралық шарттарда айқындалған өкілеттіктерге сәйкес қадағалау жүйесінің қолданылуын қамтамасыз ететін актілері мен мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және қабылдау	Комиссия актілері, мүше мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілері	Комиссия, мүше мемлекеттер	осы жоспардың 3-тармағында көрсетілген халықаралық шарт күшіне енген күннен бастап жарты жыл ішінде";

ж) 10-тармақтағы "2020 жылғы I – II тоқсандар" деген сөздер "2021 жылғы IY тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) 11-тармақтағы "2020 жылғы IY тоқсан" деген сөздер "2021 жылғы IY тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК